
БҰЛ ХАТ САҒАН

АРНАЛҒАН

Бүгін бір хат алғандығыңа қуанып тұрсың ба? Ол шынында саған арналған. Оны ықыласпен және көңіл аударып оқып шығуыңды өтінемін. Өйткені: «Саған арналған хат», – деген бұл кітапша, саған арнаған «Құдайдың хаты» Библия туралы баяндайды. Библия арқылы Ұлы, Құдіретті Құдай саған сөйлеп тұр. Ол саған «Өзінің хаты» арқылы шын бақытқа, уайымсыз қуанышқа және мәңгі өмірге апаратын жолды көрсетейін деп тұр.



Сондықтан Ол Өзінің жалғыз туған Ұлын бұл дүниеге жіберді. Сен Құдайдың бақытты баласы бола алуың үшін, Ол Өзін айқасқан ағашта Голгофаның үстінде сенің айыбыңды өтеу үшін берді.

Саған арнаған «Оның хатын», Оның киелі сөзін оқы.

«Саған арналған хат» деген бұл кітапша, «Құдайдың саған арнаған хаты.» Библияның қалай пайда болғанын, оның әдейі саған не айтқысы келіп тұрғанын, ұлы адамдардың Библия туралы не айтып тұрғандарын және көптеген басқа нәрселерді саған баяндағысы келіп тұр.

Құдай саған жазды. Сонымен Оның киелі сөзін оқы да, Құдайдың саған айтып тұрғанын істе. Сен еш уақытта да өкінбессің.

Өзгеше хат

Бір күні әлдекім маған жиырма бетті хат жазып еді.

Ол енді өте жақсы ғой, бірақ сенің алатын хатыңның 1200 шамасындай беттері бар.

Бірақ Библия шынында да «Құдайдың хаты» ма? Кейбіреулері: «Ол тура келмейді, өйткені оны адамдар жазған, Германияда әлде Швейцарияда басылған да, Библия мекемелерінен шыққан», – дейді.

Ол дұрыс. Бірақ Библия мекемелері манускрипттерді* қайдан алған? Олар Құдайдың Өзінің сөздерін жазып қоюға пайдаланған кісілерінен шығады.

*Манускрипттер – қөне замандағы қолжазбалар



Бір директор өзінің бюросында отыр. Ол өзінің хатшысына бір хат айтып жазғызып отыр. Бастықтың не айтып отырғанының барлығын ол сөзбе-сөз жазып отыр. Бір сағаттан соң ол хатты басып шығады да, директор оған қол қояды.

Енді сол хат почтаға апарылады.

Енді менің сұрағым:


Сол хатты шынын айтқанда кім жазды? Директор ма, әлде оның хатшысы ма?

Ойланбай тұрған біреу: «Хатшы жазды,» – дер. Бірақ дені сау әрбір адам: «Директор, өйткені ол айтып хатты жазғызды,» – деп жауап берер. Хатшы тек қана бастықтың тілегенін жазып қойды.


Міне Библиямен де ол дәл солай.

Библияның кітаптарын жазған кісілер, жазып отырғанда, Құдайдың дауысын есітіп отырды. Сөйтіп олар сөзбе-сөз, дәлме-дәл Құдайдың тілегенін жазып отырды. Бұл негіз бойынша ол Библия жазушыларының хаты емес, ол шынында Құдайдың бізге, саған да арнаған хаты болып шықты. Олар өз жүректерінде (көңілдерінде) Құдайдың үнін ұқты да, содан кейін жазып отырды.

Сен оны музыка аспабының ойнауымен салыстырсаң, мүмкін оны жақсырақ көзге елестете аларсың. Кернейден тамаша күйлер қалай шығады? Тек қана музыкант аспаб арқылы үрлесе ғана ғой. Өзінің құлдары болған сол кісілерге, Құдай солай үрлеп тұрды. Құдайдың тынысы, Оның үні олардың жүректерінде (көңілдерінде) еді, Оның Киелі Рухының тынысы. Бұл негіз бойынша біз сол сөздерге келдік. Библияны жазғандар Құдайдың тынысынан желденген еді, олар Киелі Рухтан жетеленген еді. Біз: Олар шабыттанды деп те айтамыз.



МАГНИТОФОН АЙЛАКЕРЛІГІ



Менің бір танысым – музыкант. Ол әр түрлі аспаптарда ойнай алады. Өзінің магнитофонымен ол қызықты таң қаларлық істі жүзеге асыра алады. Ол маған: «Алдымен өзімнің обемді алып, бірінші дауысты ойнап лентаға жазып аламын. Сонан соң сол лентаға, біріншіні өшірмей, бір алыт дауысын айнап жазып аламын. Сөйтіп ең жуан бас дауысына дейін, бір аспаптың соңынан бір аспапты қосып тұрамын.

Бұл лентаға енді сегіз аспаптың үні жазылған. Оның нәтижесін тыңдағың келе ме?» – деді. Енді мен бір тамаша капелланы тыңдап отырдым. Мен әлі де түсінбей: «Бұл қай капелла?» – деп сұрадым.

Досым күліп жіберді де: «Ол менмін,» – деді. Бір кісіден, бірақ әр түрлі аспаптардан құралған капелла тамаша еді.

«Ие, – деді досым, – мен 30 музыка аспаптарының үнін пленкаға түсіруді жүзеге асыра білген біреуді білемін. Ол бір көп аспаптар, бірақ бір музыкант ойнаған бір бүтін симфония еді. Сол бір шебер өзінің тынысын көптеген әр түрлі музыка аспаптарына белгілі мөлшерде үрлеп тұрды.»

Библиямен де дәл солай. Оны әр түрлі 40 жазушы, 40 аспап жазған, олардың барлығы бірақ ұлы Шебер, Құдайдан шабыттандыған еді. Ол Өзінің тынысын шабыттандыратын Рухтай бұл 40 аспаптың әрқайсысына үрлеп тұрды. Бұл Библияның Кереметі. Ол адамдардың дауысы емес, ал Құдайдың дауысы.

ХАТТЫҢ ІШІНДЕ МЫНАЛАР БАР:

КӨШЕ МЕН ҮЙДІҢ НӨМІРІ

Библия былай дейді: «Мен сенің қайда тұратыныңды білемін,» (Аяндық 2,13).

«Сен менің отырғаным мен тұрғанымды білесің, Сен менің ойларымды алыстан түсінесің.

Сен менің жүргенім мен жатқанымды көріп тұрсың. Артымнан да алдымнан да Сен мені қоршап тұрсың.» (Зеуір. 138,2.3.5).

Бұдан анығырақ адрес бола ма?

Жоқ ол ең жақсы адрестен көп жекерек. Ол сыртқы адамның адресі емес, ол сенің жүрегіңнің адресі.

ФАМИЛИЯҢ МЕН АТЫҢ

Библия сені күнәкар деп атайды (Рим. 5.8). Сен күнәкардай кінәланып жүрсің.

Бүкіл дүние Құдайдың алдында айыпты болып қалды. (Рим. 3,9-12).

Ішінен, адамдардың жүрегінен жаман ойлар: зинақорлық, ұрлық, парақорлық және т.б. шығады. (Марк. 7,21).

Мұның бәрін тағы да анығырақ атау керек пе? Ол мүмкін емес дерлік!

Бірақ ол Сенің атың, сенің жүрегіңнің аты.

ТӨРЕШІНІҢ АЙЫПТАУ ҮКІМІ

Сонда Құдайдың бұл хаты үкім сөзі ме? Ие, ол қорқынышты, бірақ шын.

Ол сенің қылған жамандықтарыңның бәрін біледі. Сенің барлық күнәларыңа бола, сен түрме жазасына кесілгенсің. Ал Құдайдың түрмесі – ешқашан өшпейтін от. Оның қандай қорқынышты екендігін кірпік қаққанша ғана ойланып қорш! Сенің істеген істеріңе ол лайықты екендігін түсінесің бе?

Бірақ: «Мен кері кеткенмін, Құдайдың алдында айыптымын,» – деп оны адал мойындағысы келген адамға қуанышты хабар бар.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ПЕН АҚТАУ

Әрине, Христос адамдардан қорлық көрген және айқасқан ағашқа керілген. Бірақ Құдайдың Ұлы айқасқан ағашта ілулі тұрғанда, Құдай оны жазалаған. Ол айыпты ма еді? Жоқ-жоқ, Ол дақсыз таза еді!

Сонда Құдай Оны неге тастап кетті? Ол неге өлуге мәжбүр болды? Ол оны сені құтқару үшін істеуге мәжбүр болды.

Құдай біздің барлығымыздың әділетсіздіктерімізді Онын үстіне салды. «Бізде тыныштық болу үшін, жаза Онын үстінде еді.» (Ишая 53).

Мыңнан астам уәделер.

Құдайшыл хаттың ең маңызды мазмұны мынау:

1. Сен жамансың, Құдай сені соттауға тиісті.

2. Бірақ Құдай – сүйіспеншілік (1. Жохжан 4,8) және саған барлық күнәларды кешірейін деп тұр. Біреу, Оның Ұлы, Иеміз Иса күнәкарлардың орнына жазаны Өзіне алып, олардың ақысын төлегендіктен, Ол мұны істей алады.

Бұл, Құдайдың алдында өзінің айыбын адал мойындап, Тәңірдің айқасқан ағашта ол үшін барлығын орындағанына сенген әркімге жарамды. Оны қабылдап алайын деген әркімге, мыңнан астам уәдесі бар, зор байлық ұсынылып тұр. Жекеше саған арналған Құдайдың бұл хатына сенің жауабың қандай?

Мен – Библия
Кітаппын

2 бөлім
66 кітап

Мен Құдайдың
жазған кітабымын

1600 жыл мерзіміндегі
40 жазушы

Сонда да мен
тек қана бір
кітаппын

Менің зор
мазмұным:
Христос

Ұлы кісілердің айтқандары

«Егер мен түрмеге қамалып, өзіммен бірге бір ғана кітапты алуға ұлақсат етілсе, мен Библияны таңдап алар едім!» Гетте

«Библия көне емес , модалы да емес, ол мәңгі.» Лютер

«Библия – баланың сұрақтарына жауап беретін және даналардың даналығын мазақ қыатын кітап».
Проф. Беттекс.

Англияның белгілі ақыны және жазушысы сэр Вальмер Скотт дуние жузіне белгілі бір қатар кітаптардың авторы. Ол өлім алдында жатқанда, өзінің күйеу баласына : «Балам маған кітапты әкелші,» – деп өтінді. Оның үйінде үлкен кітапхана болатын: сондықтан оның күйеу баласы абыржып: »Әке, қандай кітапты?» – деп сұрады. Хал ұстіндегі Скотт, қайталап: «Балам, кітап деп атауға болатын бір ғана кітап бар ,ол – Библия!» – деді.




Сперджен Библияны жүз рет оқып шықты да:
«Мен оны жүзінші ретте, бірінші реттен шексіз көбірек артық таптым,» – деді.



Библияға біздің қалай келгендігіміз туралы

Бұдан 5000 жыл бұрын біреу хат жазайын дегенде, оны сиямен қағазға да, алфавиттің әріптерімен де жазбаушы еді. Сол уақытта сына жазуын жазып жүрді. Әрбір әріп топтарының өзінің айрықша белгілері болатын.




Ассирид Вавилон сына жазуының үш жолы (Набополастың үлкен ұлы, Навуходносор, Вавилон патшасы менмін).

Бұл белгілер тасқа немесе балшыққа ойылатын, содан кейін ол күйдіріліп жүрді.

Әлдеқашан батып кеткен, шөл даланың құмының астына көмілген қалалар қазылып алынды, сонымен бірге бұл жазу орнатыған мыңдаған балшық тақталары мен мәрмәр бағаналары да табылып жүрді.

Египеттіктер басқа бір жазуды, иероглиф жазуын ойлап тапты, оны біз б. д. пирамидалардың ішіндегі жазуларда табамыз.

Ескілікті зерттеушілерге айтып жеткізуге болмайтын еңбек етуге тура келді, бірақ ақырында адамзаттың бұл ең көне ұлттарының жазуларын айырып оқудың сәті түсті.



Египеттің иероглифтік жазуының үш жолы.

Балшық, тас немесе ағаштан басқа, соңғы жүз жылдықтарда папирус өсімдігінен жасалып жүрген қағазға да жазып жүрді. Сонан соң пергамент (ерекше дайындалған мал терілері) келді. Бөлек терілерден кітап етіп байлаудың әдісін әлі білмегендіктен, алдымен шиыршықтарға жазып жүрді.

Мұса бірінші Библия жазушысы еді. Біз Құдайдың оған бірнеше рет болған уақиғаларды бір кітапқа (бір шиыршыққа) жазып қоюға тапсырма бергендігін оқимыз. Израиль халқы жазылған сол Библия кітаптарын жинап, оларды мұқият түрде сақтауға артықшылық алды. Христостың туғанынан шамасы 400 жыл бұрын ескі бітім (өсиет) дайын болды.

Ол еврей тілінде жазылған. Кейбір қысқа тараулары (мысалы Есра мен Даниел кітаптарының бір бөлегі) аромей тілінде жазылған.

Тек қана Тәңір Исаның дүниедегі өмірінен кейін жаңа бітімнің (өсиеттің) кітаптары мен хаттары жазылды, рас грек тілінде, өйткені бұл тіл сол уақытта кең тараған тіл еді. Христостың туғанынан 100 жыл шамасындай өткенде барлығы дайын еді. Мұса Христостан 1500 жыл шамасындай бұрын өмір сүрді, сөйтіп біз, Библия 1600 жылдай мерзімнің ішінде пайда болды деп айта аламыз. Бұл уақыттың ішінде басқа да кітаптар жазылып жүрді, бірақ олар Құдайдың сөзіне жатпайды.

Оны қалай білуге болады?

Құдайға сеніп жүргендер Құдайдың Рухының жетелеуі арқылы қай кітаптардың Библияға жатпайтындығын өте тез біліп жүрді.

Христиандар (қай кітаптардың) канон (шын) немесе апокриф (жалған) екендігін айыра білуші еді. Кейбір апокриф кітаптарын оқып шығуға тұрарлық, бірақ ұқыпты оқушы тез түсінеді: «Жоқ, бұл Библиядан басқаша: Мұнда фантастикалық ертегілер, қалжың істер және қателер бар. Мұндайларды киелі жазуда босқа іздейді. Құдайдың сөзі сонымен шіркеудің ақсақалдары мен концилдері арқылы емес, ал Құдайдың жетелеуі арқылы құрастырылған.»

Кітап басу өнеркәсібі 500 жылдан бері дүниені өзгертіп жіберді. Бұрынғы уақытта біреу өзінде Библияның болғанын тілегенде, оны көшіріп алуға тиісті еді. Жазу да әркімнің қолынан келуден алыс еді, сөйтіп ол оны көшіріп жаздырып алуға мәжбүр болып жүрді. Ол көп уақыт пен ақша тұратын. Сөйтіп олар бір манускриптті (қолжазбаны) сатып алып, оны ұқыпты түрде көшіртіп алатұғын, бірақ онда көптеген қиыншылықтар туып жүрді. Көшіру қателері жасалынып жүрді. Көп жылдардан соң бұл көшірмелерді қайтадан көшірген әлдекім, қателерді әрқашан байқамай, оларды түзетпеді де мүмкін тағы да кейбіреулерін жіберген шығар. Сондықтан ең көне қолжазбаларға ие болу қажет, өйткені ең алғашқы жазушыға неғұрлым жақын болсақ, соғұрлым текстің зақымсыз екендігіне сенімдіміз.

ЖАБАЙЫ БАТЫСТА СИЯҚТЫ

Шөл даладаға бір құпиялы түн. Аңда-саңда тек қана шие бөрінін ұлығаны естіледі. Құм төбелер мен тікенді бұталардан өтіп, бір керуен теңселіп барады. Керуен басшылары, екі арабтың әрқайсысының белбеуінде екі үлкен пистолеті бар, өйткені бедуин тайпалары бір-бірімен соғыс жағдайында. Оларға ілесіп бір салт атты европалық кісі келе жатыр. Кенеттен оттың бір сәулесі. Керуен шөл дала тұрғындарының ұрыс даласына ұшырап қалды. Қару атысы, жігіттер ерден түсе қалып, пистолеттерін жұлып алды. Европалық кісі өзінің оқталған қос ауыз мылтығына жармасты.

Жер бауырлап жігіттер алға қарай жылжып барады. Қайтадан бір дүркін оқ сатырлап өтті де, содан кейін тыныштық орнай қалды.

Тезрек көлікке мініңдер! Алға, бірақ қайтадан ең шапшаң шоқырақпен!

Европалық кісі Лейпцигтен келген граф фон Тишендорф еді. Ол Синай түбегінің өмірге қауыпты шөл даласында уақиға іздеп жүр ме? Жоқ, оның бір ғана мақсаты бар: Ол Синай тауының үстіндегі монастырьға жетпекші. Ол египеттен бері бір керуенмен жол жүріп келеді, өйткені ол бұл жерде Библияның өте көне қолжазбалары болуға тиісті екендігін естіген.

Ескі бітімнің (өсиеттің) негізгі тексті ғасырлардан бері анықталынғаны өзінен-өзі белгілі. Жаңа бітімнің (өсиеттің) де жүздеген көне қолжазбалары табылған. Олардың кейбіреулері Христостан кейінгі төртінші ғасырда пайда болған. Тишендорф олардың барлығын тексеріп шыққан еді, бірақ ол одан да көне, апостолдардың жазған алғашқы текстіне жақынырақ біреуін іздеп жүрді. Шынын айтқанда оның ісі тек қана болмашы мағынасы бар, бірақ олар туралы көбірек сенімділік алғысы келген кейбір сөздерде ғана еді. Оларды таппағанша ол дамыл таппады.

Ақырында ол монастырьға жетті. Ол кәрзенкемен жоғарыда жатқан есікке жеткізіледі, күтпеген келіп-кетушілерді аулақ ұстай алу үшін, оны кіруге қолайсыз жасаған. Енді ол монахтармен қатынасып, зор кітапханада қалағанынша барлығын ақтара алады. Апталар бойы ол жұмыста, бірақ керегінен еш нәрсе таппай жүр. Сол ұзақ сапар бекер болғаны ма?

Ақырында, ол өзінің үйге жол жүруінің аз ғана алдында, қағазға арналған көрзеңкенің ішінде, тамаша қол жазуымен жазылған, ол әлі ешқашан да көрмеген сондай жақсы және таза бірнеше пергаменттерді тауып алады. Бұл көшірменің көнелігі сондай, ол апостолдардың күндерінен аз уақыттан соң жазылған болуға тиісті, мүмкін ол тікелей Библия жазушыларының түп нұсқасынан көшірілген шығар.

1859 жылы келесі бір келіп кеткенде, шыдамды және ынталы іздеуден кейін, ол бір бөлмеде жасырылған бұл текстің (немесе кодекстің) қалдығын табады. Ол тұтасымен 346 беттен құралған, оның әрқайсысы бір мүлік тұрады. Жаңа бітімнің (өсиеттің) дұрыс аударылуы кепіл болды. Тишендорфта барлығын алып кетуге мүмкіншілік болды. Оның бәрін басуға беру, оның өмірінің ең маңызды ісі болды, сөйтіп тілеген әркім оны оқи алады.

Жохан
1. Алғашқыда Сөз болды. Сөз Құдайда болды.
Сөз Құдай еді. 2 Бұл алғашқыда Құдайда еді. 3
Барлығы сол арқылы болып шықты және онысыз
болып шыққанның бірі де болған жоқ. 4 Оның
ішінде тіршілік бар еді және тіршілік адамдардың
жарығы еді. 5 Жарық қараңғылықта жарық
шашып тұрды да, қараңғылық оны қамтып алған
жоқ. 6 Сол жерде Құдайдан жіберілген бір адам
болды, оның аты Жақия. 7 Ол куәгерлік үшін, Ол
арқылы барлығы сенсін деп, жарықтан
куәландыру үшін келді. 8 Ол жарық емес еді,
бірақ жарықтан куәландыру үшін жіберілген еді. 9
Дүниеге келіп, әрбір адамды жарықтандыратын
шын жарық бар еді. 10 Ол дүниеде оны танымады,
арқылы пайда болды және дүние оны танымады.
11 Ол өз (адамдарына) келді де, өз (адамдары)
оны қабыл алмады. 12 Бірақ Оны қабыл алған-
дардың барлығына Құдайдың балалары болуға
билік берді, Оның есіміне сеніп жүргендерге, 13
қаннан да, тәннің тілеуінен де, еркектің тілеуінен
де емес, ал Құдайдан туғандарға. 14 Сөз тән
болып біздің арамызда өмір сүріп жүрді де, (біз
оның даңқын көрдік, Әкеден жалғыз туғанның
даңқындай), қайырымдылық пен шындыққа
толы. 15 Жақия ол туралы куәландырып, үндеп
былай дейді: Менің соңымнан келуші менің
алдымда, өйткені Ол менен бұрын бар еді деп
айтқаным Осы еді. 16 Өйткені Оның қайырым-
дылық алдық. 17 Өйткені заң Мұса арқылы
берілген еді, қайырымдылық пен шындық Иса
Христос арқылы келді.

Сол жағында сен, Библия жазушыларының жазғанындай, Жохан інжілінін бірінші тарауының бірінші тарауығынан оныншы тарауығына дейін көріп тұрсың. Жоғарыда: Ката joannen (оның мәнісі: Жохан бойынша), деп жазылған. Содан соң былай деп басталады: en arche en ho logos (оның мәнісі: Алғашқыда сөз болды). Өріптер мұнда түп нұсқасындағысынан шамасы жарым-жартылай кіші. Библия сияқты Тәңір Исаның өзі де бізге Құдайдың қандай екендігін көрсетіп тұрғандықтан. Библия және Тәңір Иса да «Сөз» деп аталынады.

Бұл қолжазбаны, ол Синайда табылғандықтан: Codex Sinaiticus деп атайды. Ол бүгінгі күнге дейін Лондонда Британияның музейінде сақталынып, көрмеге қойылып жүр.

Библияны аудару – қнын жұмыс. Жаңа бітім (өсиет) жазылған грек тілі сияқты еврей тілінің де тек қана бас әріптері бар және олардың бәрі нүкте мен үтірсіз бірінің соңында бірі жақын тұрады. Сөйтіп жаңа сөйлемнің қай жерде басталатындығын айырып білудің өзі бір шебер іс.


Еврей тілінде а, е, и, о, у сияқты дауысты дыбыстар да жоқ, ал тек (б, к, т, деген сияқты т.б.). дауыссыз дыбыстар ғана бар. Дауысты дыбыстарды ойлап табу керек. Тәураттың бірінші тарауының бірінші тармағы бізде былай болып көрінер еді:

ЛҒШҚДҚДСПНМНЖРДЖРТТ

Одан сен: «Алғашқыда Құдай аспан мен жерді жаратты,» – деген сөйлемді тани алар ма едің? Сондықтан көне қолжазбаларды іздеген, тапқан және аударған оқымыстыларға біз өте риза бола аламыз. Бәрінен бұрын ұлы реформатор Мартин Лютер Библияны аударғанда бұл жерде зор еңбек сіңірген. Содан бері көптеген ынталы оқымыстылар, Библияны бізге анығырақ бере алу үшін, оны қайта-қайта аударған.

ҚҰМРАНДАҒЫ ҮНГІРЛЕР

1947 жылы бір бақташы араб баласы өлі теңізге жақын жерде адасып қалған еді. Әлдеқайда




Табылған құмыралардың бірі

тақыр жартастарда, құлап қалған Құмранның орнына таяу жерде, ол бір тесікті көрді. Ол қысылып- қымтырылып өтті де, еңбектеп ішке кірді. Ол осы уақытқа дейін табылмаған үңгірдің кіре берісіне ұқсада. Бірақ сонан соң, ол сол жерде, саз балшықтан жасалған, бірқатар құмыраларды көрді. Бұл құмыралардың ішінде теріден жасалған кітап ораулары

жатты. Бұдан көптеген ғасырлар бұрын, бағалы қолжазбаларды соғыс қатерінен сақтау үшін, мұндай тәсілмен үңгірге жайғастырылғандығы кейін анықталды.

Бақташы бала бір орауды ала кетіп, ескілікті зерттеушілердің оған көңіл қойғандығын ғажаптанып анықтады. Сол орауларға ақша құмар арабтар мен ғалымдарда қолайсыз құмарлық пайда болды.

Бірнеше жылдардың ішінде бұл өлкелерде осындай әр түрлі құпия кітапханалар табылды.



Кітап орауларының бағалары миллионға көтерілді. Өлі теңіз орауларының таң қаларлықтай табылуы ғалымдар дүниесін қозғалысқа келтірді, әлі бүгін де текстерді айырып оқумен жұмыс істеуде. Біз үшін Ишая кітабы жазылған орауы ең пайдалы. Ол Иерусалимде университет кітапханасында сақталынып жүр. Модалы атом физикасының өлшем құралы, Гейгер санаушымен Құмранда табылған Ишая кітабының орауы біздің жыл санауымыздың 70-жылының алдында жазылғандығы анықталды.

Сөйтіп: Библия қателерге толы деп жүрген ғалымдардың барлығына, олардың пайымдауларының қателі екендігі қайтадан дәлелденіп көрсетілді. Олар: «Бұл көне ораулары арқылы Ишая кітабында ештеңенің үйлеспейтіндігі ашылар,» – деп ойлады. Бірақ ұқыпты зерттеуден не шықты? Бұл көне документтердің де, Киелі Жазудың сөзбе-сөз, ие әріппе-әріп шын және дұрыс екендігін дәлелдейтін айғақтан басқа ештеңе емес екендігін, Библияны (оқып-уцргендердің әрқайсысына есітуге жақсы. Құдайдың сөзі құз сияқты. Оны құлатуға болмайды.



Аспан менен жер өтер, менің сөздерім бірақ өтпейді. (Матай 24,35).



Библияны сынға алу.

Бұл кітапшаны оқып шыкканыңнан кейін, сен мүмкін: «Ие , бірақ сонда да сенен көп оқылдырақ адамдар , Библия – адамның ісі, Мифтерге (сагалар мен шығармаларға) және аңыздарға (аңыздардай өзгертілген уақиғаларға) толы, оның үстіне мүмкін болатын барлық кателерге бөленген. Оны олардың ғылымдары мен модаль теологиясы дәлелдеді деп Үцр», – дерсің. Бұдан соң біріншіден: «Бұлай сөйлеп тұрған бір адамның Құдайдың ұлы, иеміз Иса туралы сүйіспеншілікпен және Құрметпен сөйлегенін естідің бе?» – деп сұрағым келер еді. Маған сене ғой, өздерінің Библияны сынға алу дегендері арқылы көптеген адамдар өздерін ақтағысы және Құдайдың сөзінен оның қуатын алғысы келеді. Өздерінің күнәкарлар екендігін және төтенше Иса Христостың ішінде Құдайдың игілігіне мұқтаж екендігін мойындау, оларға өте ұнамайды. Ол бізге, адамдарға, біздің жаман екенімізді айтып тұрғандықтан (Жохан 7, 7), олар, – Библия оны түсіндіріп тұрғандай – Құдайдың ұлын жек көріп жүр. (Жохан 15, 22–24). Бірақ Құдай Өзінің кері кеткен жаратылған жандарының көздерін болмысқа ашқысы келеді. Құдайдың Ұлы дүниеде болғанын, Оның кереметтер жасағанын, оларға Оның қаза тауып, қайтадан тірілгендігін танып білуге мүмкіншілік бергісі келіп тұр. Кім өзін осы жолмен тірі сенімге сыйлауға жол берсе, бүкіл Библияның сөзбе-сөз Құдайдың сөзі екендігіне көзі толық жетеді.

Ең көп аударылған кітап.

Библия қашан болса да аударылған бірінші кітаптарға жатады. Осы уақытта өз қарауында Библиялары немесе оның бөлімдері бар тілдердің саны 1800 ден астамға жетеді. Әрдайым бүкіл дүниеде мыңдаған мамандар онан арғы аударулармен жұмыс істеуде. Әлі 1000 нан астам кішірек халық топтарында және көптеген кішкене халық топтарында Библия аудармалары болмаса да, сонда да қазірді өзінде дүние халқының шамасы 97% нде Библия текстерін оқуға мүмкіншіліктері бар.

Келесі беттерде оның кейбір мысалдарын табасын.

Жохан 3, 16 тарауык

Келесі беттердегі әрбір тіл Библияның бір текстін кайталайда. Ол Жахан 3, 16. Ол інжілдің түпкі түйіні және де «Библияның жүрегі,» – деп те аталынады, өйткені мұнда сен Құдайдың сүйіспеншілігін табасың, оған бола Құдай Өзінің Ұлын берді, ешкім де өлмеу, ал барлығы, барлығы құтқарыла алу үшін.

Африканша

Оңтүстік Африка

Want so lief het God die wêreld gehad, dat Hy sy eniggebore Seun gegee het, sodat elkeen wat in Hom glo, nie verlore mag gaan nie, maar die ewige lewe kan hê.

Арабша

Египет

لَإِنَّهُ كُنَّا أَحَبَّ إِلَيْهِ الْعَالَمَ حَتَّىٰ بَدَّلَ ابْنَهُ الْوَجِيدَ لِيَكِي
لَا يَهْلِكَ كُلُّ مَنْ يُؤْمِنُ بِهِ بَلْ تَكُونُ لَهُ الْحَيَاةُ الْأَبَدِيَّةُ ♦

Бирмаша

Бирма

ကသ္မာတံသဒ္ဒဟိ ဘဗ္ဗေ အဝိနာသေတွာ
အနိ ဝိနိသိသိတုံ ဒေဝေါ သကောကဋ္ဌာတ
ပတ္တိ ဒတွာ လောကဗေတ္တကပေမေသိ။

Гелебесше

Индонезия

○ ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ
ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ
ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ ㄣ ㄆ ㄇ ㄏ

Қытайша

Қытай

生。滅亡、反得永
信他的、不至
他們、叫一切
獨生子賜給
甚至將他的
上主、帝愛世人、

Эфиопша

Эфиопия

**እስሞ ፡ ከመዝ ፡ አፍቀሮ ፡ እግዚአብሔር ፡
ለዓለም ፡ እስከ ፡ ወልደ ፡ ዋሕደ ፡ ወሀበ ፡ ቢዛ ፡
ከመ ፡ ኩሉ ፡ ዘየአምኝ ፡ ቦቱ ፡ ኢይተሐጉል ፡
አላ ፡ ደረከብ ፡ ሕይወተ ፡ ዘለዓለም ፡፡**

Немісше

Германия

Also hat Gott die Welt geliebt, daß er seinen eingeborenen Sohn gab, auf daß jeder, der an ihn glaubt, nicht verloren gehe, sondern ewiges Leben habe.

Ағылшын тілінде

Англия

For God so loved the world, that he gave his only begotten Son, that whosoever believeth in him should not perish, but have everlasting life.

Эсперанто

Интернационал

Ĉar Dio tiel amis la mondon, ke li donis sian solenaskitan Filon, por ke ciu, kiu kredas je li, ne pereu, sed havu eternan vivon.

Французша

Франция

Car Dieu a tellement aimé le monde, qu'il a donné son Fils unique, afin que quiconque croit en lui ne péricule point, mais qu'il ait la vie éternelle.

Фризландша

Фризия

Hwent sa ljeaf hat God de wrald hawn, dat Er syn ienichstberne Soan jown hat, dat in elts dy't yn Him leaut, net fordjerre, mar it ivige libben hawwe mei.

Грекше

Греция

Οὕτως γὰρ ἠγάπησεν ὁ Θεὸς τὸν κόσμον, ὥστε τὸν Υἱὸν τὸν μονογενῆ ἔδωκεν, ἵνα πᾶς ὁ πιστεύων εἰς αὐτὸν μὴ ἀπόληται ἀλλ' ἔχῃ ζωὴν αἰώνιον.

Еврейше

Израиль

כִּי-אַהֲבָה רַבָּה אָהַב הָאֱלֹהִים אֶת-הָעוֹלָם עַד-
אֲשֶׁר נָתַן אֶת-בְּנוֹ אֶת-יְחִידוֹ לְמַעַן אֲשֶׁר לֹא-יֵאבֹד
כָּל-הַמְּאֵמֵן בּוֹ כִּי אִם-יְחִיָּה חַיִּי עוֹלָם :

Үнді тілінде

Индия

क्योंकि ईश्वरने जगतको ऐसा प्रेम रक्खा कि उसने अपना एकलौता पुत्र दिया कि जो कोई उसपर विश्वास करे जो माश्र न होय परन्तु अमलत जीवन पावे ।

Жапон тілінде

Жапоння

それ神はその獨子を賜
世を愛し給へり。すべて
る者の亡びかして永遠の
んためなり。

Орысша

СССР

Ибо так возлюбил Бог мир, что отдал Сына
Своего единородного, дабы всякий, верующий
в Него, не погиб, но имел жизнь вечную.

Тибет тілінде

тибет

དགོན་མཛོག་གས་མི་ཡུལ་ལ་ཡིན་འདིག་གཤེས་པ་
མཛད་པསང་ཁོང་དང་ངེ་སྤྲིས་གཅིག་ཅིག་པོ་སལ་ལ་མཛད་
ཀག། །སྤྲུང་དོ་ལ་དད་པ་བཅོམ་མི་ལེ་སྲོག་མེད་ཀན་ལ་མི་
འགྲུར་མ་ཚད་པེ་གཏན་དེལུས་ཤེ་ཅན་ནེ་ཚོ་ཕྱི་བ་བེན།

Тоба диалектінде

Орталық – Суматра

ཡམ རམའུམ། ཡུམ། རམ ཀཀམཀམའུམ། རུ
ཤམཀ རུ རུམ རུ རུམ། རུམ། རུམ། རུམ།
འམའ རམ ཡུམ། རུ རུ རུམའུམ རུམ།
ཡམ རུམ། རུམ། རུམ། རུམ། རུམ། རུམ། རུམ།
རུམ། ཡམ ཀམའུམ། རུ རུམ། རུམ།
རུམ། རུམ། རུམ།

Турік тілінде

Турция

Tanrı dünyayı öyle sevdi ki, biricik Oğlu'nu verdi. Şöyle
ki, O'na her kim iman ederse mahvolmasın, ama sonsuz
yaşama kavuşsun.

Қазақша

Қазақстан

Құдайдың дүниені сүйгендігі сондай, Өзінің
жалғыз туған Ұлын берді. Оған сенген әркім
өлмесін*, ал мәңгі өмірі болсын деп.

*Бұл жерде тамұққа түспесін деген мағынада.



Дүниеге арналған кітап

40 адам жазған,
жүздегендер аударған,
мыңдағандар басқан,
миллиондар оқыған.

1534 жылы Лютер неміс тілінде өзінің Библиясын шығарғанда, айналымда шамасы 15 аударма бар еді. 1600 жылы олардың саны 40, ал 1700 жылы 52 еді. Содан кейін бүкіл европада көптеген миссионер қоғамдары пайда болды. Солардан жіберіліп, бүкіл дүние жүзінде ізгі хабарды жариялап жүрген миссионерлерде әрине жергілікті тұрғындардың тіліндегі Библияға ие болсақ екен деген тілектері болды. Тіл мамандарының бүкіл бір армиясы Библия аударуының қиын ісіне кірісті.

1661 жылы Библия нипмук, солтүстік Америка үндістерінің тілінде шықты.

Содан кейін Эфиопия Библиясы, сонан соң үндістер үшін Тамил – Библиясы шықты.

1744 жылы Гренландиядағы эскимостар өздерінің Библиясын алды. Библия аударушылардың біреуі өз ісін үш жылдың ішінде бітіре алады. басқа біреуі, тіл өте қиын және оны алдымен тексеру қажет болғандықтан, бүкіл өмір бойы онымен шұғылданады. Аударушылар жиі жердің ең алыс түкпірлерінде қажымай, жандарын қиып жұмыс істеуде.

Олардың жасаған аударма нұсқаларын жөндеуде енді компьютерлер (сөз процесорлары) да қолданылады. Басуға дайын болғанша қайта-қайта тексерілген және дұрыстатылған текстердің көп уақыт алатын қайта-қайта көшірілуінің қажеті болмай қалды және оған байланысты жаңа қателердің көздері жойылады.

1800 жылы Библия текстері аударылған тілдердің саны 75 еді. 1900 жылы олардың саны 567. 1953 жылы олардың саны 1167. 1978 жылы 1660, ал қазір олардың саны 1800 тілден артық! Библия дүние жүзі әдебиетінің ең таныс және ең көп тараған кітабы болып қалды.

Сөз кімде?

«Тәңір былай дейді». Дүние жүзінің ешқандай кітабында бұл сөздер жоқ, тек қана Библияда ғана, онда олар көптеген жүз рет жазылған. Тек Малеахидің кішкентай кітабында ғана бұл қалыптасқан сөзді 24 рет, содан 22 рет:

«. . . дейді Тәңір Саваоф.» – деп оқимыз. Библия былай деп сендіреді: Мұнда Құдай сөйлеп тұр. Егерде ол шын болмағанда, Библия барып тұрған өтірікші кітап болған болар еді. Енді шешу керек: Я болмаса Библия жүз процент шын және Құдайдан, немесе ол дүниенің ең жаман және Құдайсыз кітабы.

Сен Библияны оқу үшін өзіңе уақыт аласын ба?
қайтуың үшін?
дұға кылу үшін?

Өмір қысқа,
Ол фильм сияқты
тез өтіп кетеді.

Бір өмірдің фильмі

Бір уақытта сен үшін де кеш
бола ма?

«Жаратушыңды жастық күндеріңде
есіңе ал, ауыр күндер келмей
тұрғанда.» (Үағыздаушы 12, 1)



Өте жас

Өте камсыз

өзіне-өзі өте
сенген

өте бақытты



өте жұмыс
басты



өте кам жегіш



өте кәрі



өте кеш



ЗОР ЖИНАСТЫРУ

Оның ұйықтайтын бөлмесіндегі қабырғаның көрінісі қандай еді! Барлығы ілінген ұнамсыз шүберектер мен сапасыз суреттерге толы.

Бірде немере ағасы, көркем сурет шебері келіп кетті. Ол сол көрініске қапаланып қалды, бірақ ештеңе айтпады. Бірнеше күннен кейін немересі өзінің немере ағасынан бір айрықша көркем сурет, бір көркем шығарманы алды. Сол сурет ұйықтайтын бөлмесінің қабырғасында бір құрметті орын алды да, ол үшін кейбір суреттер алынып тасталынды. Бірақ сол уақыттан бастап бұл бөлмеде басқа бір тазарақ қалып орналасқандай болды, өйткені бір жапырақтан соң бір жапырақ жоқ болып тұрды. Олар енді оған келіспей тұрды.

Егер сен Библияны оқи бастасаң, сенің бөлмеңнің қабырғасынан немесе кітап шкафыңнан да оны-мұны жоқ болып кетуі өте мүмкін. Кім білсін, мүмкін сенің жүрегіңнің күңгірт тукпірлерінен де бірдеңе жоқ болып кетер.

«Сондықтан, кім Христостың ішінде болса, ол жаңа жаратылыс, ертедегісі өтіп кетті, міне, барлығы жаңа болып қалды!» (Кор. 2 хат. 5.17).

«Ал көз байлаушылықпен шұғылданғандардың көбі келіп, кітаптарын үйіндіге жинап, баршаның алдында өртеп жіберді, және олардың бағасын есептеді де, күміспен елү мың болып шықты. Тәңірдің сөзі сондай күшпен өсіп нығайып жүрді.» (Ап.Істері 19, 19).

БИБЛИЯ

дүниенің ең қызықты кітабы

– Мама, тоқтамашы, ары карай оқышы!

Бұл тарих қызықты, тілеуің болсын, аяғына дейін оқышы!

– Ие, балам, бұл тарих шынында да қызық: Жүсіпті жек көрген ағалары оны суы бар шұңқырға тастайды, кейінде қайтадан шығарып алып, Египетке құлдыққа сатып жібереді. Сол жерде ол айыпсыз түрмеге қамалады да, ақырында оған қарамастан, ашаршылық кезінде өзінің семьясын және бүкіл елді құтқаратын Египет патшасының орынбасары болып шығады.

Библияда сен өте көп таң қаларлық тарихтарды таба аласың.

Патша суретінің алдында тәжім еткісі келмеген және сол үшін жанып тұрған пештің ішіне тасталған, сонда да одан қайтадан зақымсыз шыққан тек Даниелдің үш досын есіңе ал.

БИБЛИЯ ЖАС АДАМДАР ҮШІН ДЕ
ҚЫЗЫҚТЫ КІТАП

БИБЛИЯНЫ ОҚЫП ШЫҒУ ҮШІН...

неше сағат керек?

Библияның үш миллион шамасындай әріптері, 31000 тармаға және 1189 тарауы бар.

Ескі бітімді (өсиетті) оқып шығу үшін, шамасы 38 сағат, жаңа бітімді оқып шығу үшін он бір сағат керек. Сонымен ол бүкіл Библия үшін қырық тоғыз сағат. Егер Библияны әдеттегі сөйлеу шапшаңдығымен оқып берейін десе, шамасы жетпіс сағат керек. Күн сайын төрт тарауды оқып шықса, бір жылдың (365 күннің) ішінде Библияны тұтас жақсы оқып шығасың.

Үйге кел!

Ол Чикагоның қылмысты орталығына түскен еді. Алдымен барлығы қызықты болып көрінді, бірақ кейінде одан бәледен басқа ештеңе шықпаған еді.

Ол өзінің достары және дос қыздаремен көңіл көтеріп жүрді, бірақ оның жүрегінде кері кеткен қыздың үйге деген сағынышы бар еді.

Бүкіл сол жылдар бойы шешесі өз қызын күтіп жүрді. Ол қуана- қуана оған барайын деп еді, ол оны қуана-қуана іздейін деп еді, бірақ қайда? Махаббат кеңес табады.

Ол хат жазбақшы, бірақ қай жерге? Қызының адресі бірнеше жылдан бері криминал полициясының өзіне белгісіз. Ол қайғыдан қартайып қалған өзінің бет-әлпетінің көп суреттерін салғызып алды да, оларды қағазға желімдеп қойып, оның астына былай деп жазды:

Үйге кел!

Анаң сені күтіп жүр!

Суреттерді Чикагоның қылмыс орталығының қонақ үйлеріне әкеліп, оларды сол жерге іліп қоюға ұлықсат сұрады. Одан бір пайда түсер ме? Оның қызы оны оқи ма? Оған құлақ аса ма?

Далада қараңғы. Бір бардың ішінде бір капелла жиренішті көше өнін ойнап отыр.

Жаны бос, өмірі бүлінген бір жас әйел бұл күнә ордасынан өтіп бара жатыр. Кенеттен миына қан құйылғандай тоқтай қалды.

Қабырғада бір кәрі әйелдің суреті ілулі тұр...



Жан түршіктіретін айқай: Ана!

Бірнеше сағаттан кейін ол сөзсіз үйінде. Алты сөз, ол көп емес!

Бірақ Құдайдың саған жіберіп тұрған хатының мазмұны да бұл алты сөздің ішінде.

Үйге кел!

Сені сүйіп жүрген біреу, сені күтіп жүр!

22 зәуір

Дәуідтің зәуірі

Тәңір-менің Бақташым, мен еш нәрсеге мұқтаж болмаймын.

Ол мені көк көгалдарда жаяды,

Ол мені тыныш суға апарады.

Менің жанамды нығайтады,

Өзінің есімі үшін мені шындық жолдарына бағыттайды.

Егер мен өлім көлеңкесінің

аңғарымен жүрсем де,

Жамандықтан қорықпаймын, өйткені

Сен менімен біргесің,

Сенің аса таяғың мен Сенің таяғың

Олар мені тыныштандырады.

Сен менің алдыма дұшпандарымның көзінше

Тамақ даярладың.

менің басымды зәйтүн майымен майладың,

Менің тостағаным лық толы.

Сөйтіп, жақсылық пен мейірбандық өмірімнің

барлық күндерінде маған жанамаласар да,

мен Тәңірдің үйінде мәңгі-бақи боламын.

Бұл жас адамдарға арналған зәуір. Жас адамдар: «Тәңір – менің Бақташым,» – деп айта алса, одан артық не бар?

Ол бірақ жасы үлкенректерге де, хал үстіндегі адамдарға да арналған зәуір: «Егер мен өлім көлеңкесінің аңғарымен жүрсем де... Сен менімен біргесің!»

Сен ит жидек жеп көрдің бе?

Ит жидектің уының қауіпті екендігін біздің бәріміз де білеміз. «Бірақ сол удың қалай әрекет ететіндігін білу үшін, оны жеп көру керек қой.» Осылайша сөйлеп тұрған адам да, жаманның не екендігін білу үшін, жаман кітаптарды оқып жүрген адамдай акымақ.

Жақсы кеңес : Ит жидектерін жеме!


Сонымен үйіңе сапасы кем кітаптарды әкелме, ал Құдайдың сөзін оқы. Сеніп жүрген кісілердің бұл сөзде не тапқандарын да оқы, қысқасы КІТАПТЫ ығыстырмайтын, ал сені қайта-қайта бірегей кітапты – Құдайдың сөзін қолға алуға шақыратын кітаптарды оқы, өйткені Оның сөзі тірі және мәңгі-бақи тұрақты және саған шын бақытқа апаратын жолды көрсетеді.

Махаббат хаты

Бір хан қызы өзінің туған күніне күйеуінен бір дөңгелек пакет алды.

Ол оны ашып, онын ішінде... зеңбіріктің бір оғын тапты. Оның көңілі түңіліп, ашуланып қалды да, қара оқты бөлменің бұрышына лақтырып жіберді. Бірақ сонда оқтың сыртқа қабығы жарылып қалды да, бір күміс оқ пайда болды. Ол оны сол сәтте көтеріп алды да, қолдарында оны айналдырып тұрғанда оны қысып қалды да... күміс қабықтан бір алтын құты шыға келді. Енді оны да ашуға көп уақыт керек болмады. Онда қара барқыттың үстінде, жарқырып тұрған гаунар тастары салынған, қымбат сақина жатты. Оның жанында бір кішкентай хат жатты: Сені сүйгендіктен! Көбі солай: Библия бізге ұнамайды, онда тұрғанның көбі өзгеше және түсініксіз, деп ойлайды. Бірақ кім оған тереңірек батса, кім үстіртінде тоқтап қалмаса, ол барған сайын әдеміліктер табар да, ақырында оның алдында: «Сені сүйгендіктен!» – деген Библияның Құдайшыл хабары жарқыра тұрған айқындықпен жайнап тұрар.

Ең жақсы дәлел



Бір көпірдің жанында, өз орнында бір жеміс сатушы әйел отыр еді. Сатып алушылар келмегенде, ол жиі тізесіне Библияны алып, жоғары тұтқан бұл кітаптан оқу үшін отырушы еді.

Оны-мұны сатып алған біреу одан: »Сіз осы қай кітаптан оқи бересіз?» – деп сұрады.

– Уа, мырзам, ол – Библия, Құдайдың сөзі,» – деді ол.

– Солай деңіз, сонда Библия Құдайдың сөзі екендігін қайдан білесіз? Оны сізге кім айтты?

– Оның Өзі!

– Сонда Құдай сізбен сөйлесті ме?

Библия Құдайдың сөзі екендігін дәлелдеуге тура келгенде сатушы әйел аздап қысылып калып еді. Сонда ол көздерін ашып, жарқырап тұрған күннің көзін көрсетіп:

– Мырзам, сіз маған, ол күннің көзі екендігін дәлелдеп бере аласыз ба? – деп сұрады.

– Оны сізге дәлелдеп беру? Ол сірә оп-оңай шығар.

– Оның маған жарық пен жылылық беріп тұрғаны ең жақсы дәлел.

– Дұрыс, тап соның өзі, – деді әйел.

– Бұл шынында Құдайдың сөзі екендігінің дәлелі, ол маған ішімде жарық пен жылылық беріп тұрғандығында.

Библия ешқандай қайшылықтарды билмейді

Ғылымның, археологияның болсын (ескілікті зерттеу және қазып алу), физиканың болсын (табиғатты зерттеу), геологияның болсын (жер құрылысын, қабатын зерттейтін ғылым).

астрономияның болсын (жұлдыздарды зерттейтін ғылым) ешқандай нәтижелері Библияға қарсы тұрған жоқ.

Ол басқаша болуға мүмкін бе еді?

Бүкіл дүние жүзін және бар даналықты жаратқан Ол, Өзіне-өзі қарсы болар ма? Библия жетілген.

Нағыз алтынды алтынмен жаппайды да, лағыл тастың суретін салмайды. Библияда да солай түзететін ештеңе жоқ.

Күннің көзін көру үшін, шам жағудың саған қажеті жоқ. Күннің көзіне де, ол күннің көзі екендігін дәлелдеудің қажеті жоқ, ол – күннің көзі. Библиямен де солай, оған Құдайдың мөрі басылған.

Бітеп сылап тасталған Библия

Санкт-Готтард-туннелі әлі болмай тұрғанда, Италиядан Швейцарияға және керісінше сапар шеккендердің барлығына Санктготтард – жотасынан жаяу өтуге тура келетін. Ол көп уақыт алатұғын. Сол уақытта жиі топтанып сапар шегіп жүрді. Сөйтіп бір топ тас қалаушылар Лугано өлке-сінен ішкі Швейцарияға, онда көбірек ақша таба алғандықтан жол жүріп бара жатты. Олардың арасында Антонио деген жас жігіт бар еді. Ол жолшыбай бір мосқал әйелмен өңгімеге кірісті де, ол оған Тәңір Иса туралы айтып берді. Антонионың одан ештеңені білгісі келмеді. Әйел оған былғарыға түптелген бір әдемі Библияны сыйлыққа ұсынды. Ол оны алып кетті, бірақ оны оқыған жоқ.

Өзінің жұмыс істейтін жеріне, Гларусқа келіп, ол бір үлкен үйді салуға көмектесуге мәжбүр болды. Сонымен оның жолдастары келемеждеп боктап жүргенде, ол да қуанышты түрде соны қылып жүрді. Бір қабырғаны сылақтап тұрғанда, ол әлі бітелмеген бір тесікті көрді. Кенеттен оның қабындағы Библиясы есіне түсті де, ол өз жолдастарына: «Жігіттер, мен енді бір әдемі өзілді білемін. Бері қараңдар, міне мұнда менің бір Библиям бар, оны бұл тесікке тығып қоямын,» – деді. Библия тесікке әрең сиды да, оның мұқабасына аздап зақым келтірілді. «Көрдің бе, енді оның алдына цементтің ертіндісін, міне енді шайтан бұл Библияны қайтадан шығыра алатындығын көрейін,» – деді Антонио.

Бірнеше аптадан кейін Антонио қайтадан өз еліне жүріп кетті.

1861 жылы 10 майда Гларуста үлкен өрт шықты. 490 үй тұтасымен жанып кетті. Бүкіл қала жан түршігерлік құлаған орынға айналды, бірақ ол қайтадан тұрғызылуға тиісті еді.

Солтүстік Италиядан келген тас қалаушылардың Иохан деген бір бригадирі, жарым-жартылай құлап қалған, өлі жаңа үйді тексеруге тапсырма алған болатын. Ол құламай қалған бір қабырғаның ана-мына жерін өз балғасымен қағып жүрді. Кенеттен сылақтың бір кесегі құлап түсті. Оның таң қалуына, ол қабырғаға қыстырылып тасталған бір кітапты тауып алды. Ол оны шығарып алды. Библия... ол бұл жерге қайдан келген? Ол таң қаларлақ іс, өйткені оның бұрында да бір Библиясы болған еді, бірақ оны одан тартып алған болатын. «Бұл жолы олай болмасын,» – деп ойлады ол. Иохан өзінің бос уақытында ынтамен Библияны оқи бастады. Ол көбін түсінбей жүрді, тек қана інжілдерді жарым-жартылай және зәуірлерді болмаса. Солардан дұға қылуды үйренді.

Бірақ егер біреу әділді болса, Құдай оған көмектеседі. Сөйтіп өзінің күнәкар екендігін, бірақ Құдайдың оны сүйетіндігін және Тәңір Исаға сену арқылы күнәларының кешірілуін ала алатындығын түсінгенше көп уақыт өтпеді. Ол күздің күні өз елі мен өз семьясына қайтып келгенде, барған әрбір жерінде, өзінің құтқарылғандығы туралы қуанышты хабарды айтып жүрді. Өзінің бос уақытында Библияға толы чөмөданымен, қуанышты хабарды тарату үшін, төңіректегі ауылдарға барып жүрді.

Сөйтіп Антонионың тұрған жеріне де келді. Бір жәрмеңкеде Библия сататын киоск орнатты. Антонио оның қасынан өтіп бара жатқанда, тоқтай қалды да : «Уа, Библия, олардың маған керегі жоқ! Тек Гларусқа барсам болғаны, онда қабырғаға бітеп, сылап тастаған Библиям бар. Шайтан оны шығара алар ма екен, соны білгім келер еді,» – деді.

Иохан жас жігітке байыппен қарап тұрды. Оған бірден барлығы анық болды да : «Жас жігіт, сақ болыңыз. Келемеждеу оңай, бірақ егер мен сізге сол Библияны көрсетсем, сіз не дер едіңіз?» – деді.

Сен мені алдай алмайсың, мен оны бірден таныған болар едім, өйткені мен оны белгілеп қойдым да, – шайтан оны сол қабырғадан шығара алмайды! – дегенімде тұрамын,» – деді Антонио.

Иохан Библияны шығырып алды да: «Досым, мына белгіні танысыз ба?» – деп сұрады.

Зақым келтірілген Библияны көргенде Антонио алдымен не айтарын білмеді.

«Қордыңыз бе? Бірақ оны қылған шайтан емес, ал Оның тірі екендігін көре алуыңыз үшін, оны Құдай қылды. Ол сізді де құтқарайын деп тұр.

Енді Антонионы Құдайға деген бұрынғы ызасы кернеді. Ұзданы оны қинап тұрды, бірақ ол жолдастарын: »Бері келіңдер, жігіттер, бұл адамның тақуа Библия киоскісімен мұнда не іздейтіні бар!» – деп шақырды.

Бірнеше секунд ішінде Иоханның киоскісін құлатып тастады. Оның өзі әжәптәуір таяқ жеді де, айыптылар жиналған көрермендердің арасында жоқ болып кетті. Антонио содан былай барған сайын Құдайға қарсы қастаса берді.

Күндердің бір күнінде жұмыс кезінде қайтадан көп алкоголь ішкенде, биіктігі 17 метр төсеніштен құлап түсіп, қатты жарақаттанып қалды да, ауруханаға түсті. Иохан оны естігенде, оған бір әдемі шоқ гүлді жіберді де, тіпті оған ауруханаға барып та шықты. Бірақ Иоханның көрсеткен сүйіспеншілігі оған қатты әсер етсе де, Антонионың жүрегі тастай қатты болып қала берді. Иохан оған апта сайын кіріп-шығып жүрді де, біртіндеп, алдымен іш пысқандықтан, кейінде көңілі ауғандықтан Библияны оқи бастады.

Бірде ол еврейлерге жазылған хаттың 12 тарауында: «Ұлым, Тәңірдің жазалауын елемей қалып жүрме,» – дегенді оқыды. Міне, бұл оның сәтсіз уақиғасына тура келді. Антонио ары қарай оқи берді де, тастардың күл-талқанын шығара алатын Құдайдың сөзі Антонионың жүрегінде әрекет жасай бастады. Ол өз айыбын түсінді және Құдайдың алдында оны мойындауды үйренді. Ол бірақ айқасқан ағаштың үстінде орындалған іске сенуді де үйренді. Оның жаны сауығып қалды, бірақ аяғы ақсақ болып қалды. Өзінің бұрынғы жұмысын ол енді атқара алмады, бірақ ол басқа бір жұмыс тапты да, кейінде ол Иоханның қызымен қосылып, бақытты өмір сүрді. Оның кайын атасы енді бір мезгілде оның досы да болды.

Антонио енді аспандағы отанында, бірақ оның бітеп сылап тастаған Библиясы оның балаларына ең жақсы мұра болып табылып жүр.

ПІСІРІЛГЕН БИБЛИЯ

Ян Густі пайғамбар және реформатор, бірақ Богемияның азап шегушісі деп те атауға болады. Оның жалынды куәгерлігі арқылы Христостың орындаған құтқару ісіне мыңдағандардың көздері ашылып жүрді.

Бірақ Інжілді ашық түрде жариялау бұл елде ұзаққа созылған жоқ. Ян Гус қамауға алынды, христиандардың қаны судай ақты да, әрбір жерде Библияны құрту үшін, оны іздеп жүрді.

Құдайдың сөзі оның ең үлкен байлығы болған бір әйел, инквизицияның адамдары ауылды тінтіп, Библия табылған үйлердің адамдарының барлығын қамауға алып жүргендігін естігенде, нан пісірейін деп пештің алдында тұр еді.

Қорғалақтамай, ол өз Библиясын алды да, оны бір кесек қамырға орап пештің ішіне қойды. Содан кейін басқа нандарды да оның артынан пештің ішіне қойды.

Көп кешікпей оның да үйін тінтіп шықты. Погребтен бастап шатырдың астына дейін барлығын ақтарып тастады, бірақ босқа.

Қудалаушылар үйді тастап кеткенде, екі арада нан да пісіп, Библия да қайтадан ыстық пештің ішінен шығарылып алынды. Бірақ Навуходносордың қыздырған пешке тастаған және одан зақымсыз шыққан Садрах, Месах және Абеднего сияқты, Библия да солай азғана да зияндық көрген жоқ. Бұл батыл әйелдің ұрпақтары сол Библияны қымбатты мұрадай сақтаған.

Ең соңғы мұрагер Шеболд еді, ол да Богемияда туған, Охияда тұрған, өз үй ішінің мұрасын құрметтеген шаруа еді.

АТЫП ТЕСІЛГЕН БИБЛИЯ

«Мен оны оңбағандық деп табамын,— деді біреу, — оқты Библиядан атып өткізбес болар!»

«Ал мен дәл соны жақсы деп тауып тұрмын, — деді бір әскер, — Өйткені ол менің өмірімді құтқарып қалды.»

«Мен майданда едім, біз бір окоптан екінші окопқа жер бауырлап жылжып бара жаттық, кенеттен кеудеме соғылған қатты соққыны, содан соң кеудемнің шаншып ауырғанын сезіп қалдым. Не болып қалды?

Әдеттегідей қалтамда қалта Библиям бар еді де, егер жаудың оғы алдымен Библияны тесіп өтуге мәжбүр болмағанда, жүрегіме анық жеткен болар еді. Енді болса, менде, тезде жазылып кеткен, болмашы жара ғана бар еді.

Мен мұнда Құдайдың Құдіретін көріп тұрмын.

Бұл атып тесілген Библия өмірімді екі рет құтқарды.

Бірінші ретте маған Құтқарушыға жолды көрсеткенде, екінші ретте өлтіретін оқты тоқтатып алғанда.»

САТЫЛҒАН БИБЛИЯ

Бәйбіше Линнер үшін ауыр күндер туған еді. Оның күйеуі қайтыс болғаннан кейін, ол ақша қамына түскен болатын. Ол бір антикварға өзінің бағалы үй жабдықтарының кейбіреулерін және кейбір әшекейлерін сатуға мәжбүр болған еді. Ал бүгін әкешесінен өзінің неке тойына мұрасқа алған, тамаша түптелген Библиясын оған беріп жіберген еді.

Бұрында ол Құдайдың сөзімен көңіл ашып, одан қуат алып жүруші еді, бірақ қазір бәрібір оны оқымай жүр ғой.

Ол енді жалғыз қалғанда, ойлары оған маза бермеді. Бұл бағалы кітапты сатып жібергені өте жаман шығар. Ол барған сайын мазасыздана түсуде. Оның балалары әлдеқашан төсекте ұйықтап жатыр. Үйдің есігін құлыптап, ол өз Библиясын қайтарып әкелу үшін антиквардың үйіне кетті. Ол терезеден қарап еді де, не көріп қалды? Төрт кісі столды қоршап алған, антиквар Леви бір кітапты оқып тұр. Ол бірден өз Библиясын танып қалды. Сол кісілер сірә сол көне кітаптағы аңыздарды

мейлінше келемеждейін деп тұрған болар. Бірақ Леви кездейсоқ Исаның азап шеккен жерін оқығанда, олар тыныштана қалды, ал Гевсеман бағындағы күресті оқығанда, оның алқымын қысып қойғандай болды, оның көңілінің босағандығы соншалықты, көзіне жас алдырды. Оның достары қоштаспай ақырындап кетіп қалды. Ал бәйбіше Линнер ше?

Оның Библиясын келемеждегені, оған тым ағат болды. Оның да көзінде жас тұр. Жүрегі оны айыптап тұр. Енді, оның Тәңірі ол үшін де қалай азап шеккендігін қайтадан естігенде, ол үйге барып, өз Иесі мен Құтқарушысына, Оны ұмытқандығын дұғада мойындау үшін жылап тізесіне жығылды. Таң атқанда оның жүрегіне жұбаныш пен сенімділік қайтып оралды.

Ол өзінің бар айыбының алынып тасталғандығын және қайтадан өзінің Тәңірімен өмірден өте алатындығын біледі. Енді ол Киелі кітапты қайтарып әкелу үшін Левиге бармақшы. Бірақ Левиді сол орнында ашылған Библияның алдында тапқанда, ол аз таңданған жоқ. Ол өзін сол Құдайшыл кітаптан айыра алмады. Ол ары қарай, Құдайдың Қозысы қалай азап шеккендігі және Тәңір Исаның айқышта қалай: «Әке, кешір оларға, өйткені олар не істеп тұрғандарын білмейді!» – деп шақырғандығы туралы оқи берді.

Енді ол өзіне белгілі Ишая кітабының 53 тарауын да оқыды: «Ол біздің күнәларымыз үшін жараланды және біздің заңсыздықтарымыз үшін азап көрді.»

Оны айыпсыз өлтіргендіктен Леви өте мұңайып қалды, ал өзі Оны бүгін түнде келеке қылды! Сөйтіп ол: «уа, Назареттік Иса, сонда Сен шынында да біздің Құтқарушымыз, Құдайдың уәде еткен Христосысың ба?» – деп үндеді.

Бейбіше Линнер оны осындай күйде тапты. Ғажаптанып, ол ашық есікте тұрып қалды да, Леви оған: «Сүйікті бәйбеше, мен сіздің кітабыңызда бір қазына таптым, ол маған бүкіл дүниеден бағалы,» – деді.

Бейбіше де оған өзінің бүгін қараңғылықтан жарыққа келгендігін баяндап берді.

Бейбіше Линнер өз Библиясын қайтарып алғандығын және Леви өзіне жаңа бір Библияны сатып алғандығын атап өтудің қажеті жоқ. Көп кешікпей оның әйелі де Христостың қаны арқылы тыныштық тапты да екеуі де шомылдырылды.

Бұл уақиғаны еврей миссионері Жақып Аугуст гаусмейстер, Страсбургте қайтыс болғаннан азғана бұрын, өзінің өмір тарихынан айтып берді.

ҚАЛҚЫП ЖҮРГЕН БИБЛИЯ

Жапонияның бір офицері өзінің кемесімен Нагасаки кемежайына жүзіп бара жатқанда, судың бетінде қалқып жүрген бір кішкентай кітапты көріп қалды. Ол оны судан шығарғызып алды, бірақ артынан оның ішіндегі әріптердің оған мүлдем таныс емес екендігін белгілеуге мәжбүр болды.

Ана-мына жерде бұл кітапшаның мазмұнын сұрастырып жүріп еді, бірақ барлығы бекер.

Ақырында бір қытай саудагері ағылшын тілін аздап оқығандықтан оның бір «Иса кітабы,» олай болса жат басқыншылардың кітабы екендігін және қытайша бір аудармасының бар екендігін білгендіктен оны құмарына шығарды. Ол офицер қытай тілін шала білуші еді, бірақ сонда да саудагерден оған бір кітапты тауып беруді өтінді.

Оның қолына сол кітап, қытай тіліндегі жаңа бітім (өсиет) түсісімен, одан ынталанып қытай тілін үйрене бастады. Ол оны сезбесе де, Киелі Рух соның арқасында оның жүрегіне енді әрекет етіп жүрді. Бүкіл кітапты оқып шыққанда, ол, Тәңір Исаның оны құтқарғандығын білген бақытты адам болды.

Жапонияның пұтқа табынушылығын сақтап қалу үшін, Құдайға қандай да болса жаңа құлшылық етуге тыйым салынған болатын. Бірақ сол офицер өзінің Құтқарушысынан сөйлемей жүре алмады да, өзінің үй- іші мен нағыз достарымен Библия сағаттарын өткізіп жүрді. Христостың сүйспеншілігінің оты содан кейін талай жүректе жалындана бастады. Кейінде дін еркіндігі ұлғая түсті, Нагасакиде тіпті бір миссионер орналасты. Енді офицер өзінің «Иса кітабынан» және өзінің Тәңірге сенгендігі туралы ашық түрде сөйлеуге мүмкіншілік алды. Ол Жапонияда Христосқа жататындығын ашық мойындағандардың біріншілерінің бірі еді. Оның жүріс-тұрысы мен мінез-құлқы оған тірі дәлел болды.

Мұның барлығына Нагасаки кемежайында қалқып жүрген бір Библия себеп болды. Ие, Інжіл, оған сенетін әркімді-кұтқаратын күш.

ЖЫРТЫЛҒАН БИБЛИЯ

Мыңдаған, ие миллиондаған адамдар Библия арқылы енді бата алған. Бірақ оның бір беті немесе бір жолы жиі жүз есе жеміс берген дән болғаны да бар.

Германияның бір кішкентай қаласында аукцион арқылы үй аспаптары сатылып тұрды, олардың арасында бір үлкен ескі Библия да бар еді. Бірақ оған ешкім көңіл аудармады. Ақырында бір саудагер бір ұсыныс жасады да, бірнеше тиынға оны үйіне алып кетті. Саудагер құнтты адам еді, ол оны орауыш қағаз ретінде пайдаланбақшы болды да, бұл кітаптың беттері жыртылған немесе былғанып қалғанның өзінде қандай бағалы екендігін ойламады. Құдай: «Менің сөзім Маған бос қайтып келмейді,» – деген ғой. (Ишая 55). Енді бұл қалада, мен бір адамның өліміне айыптымын деген ойдан азап шегіп жүрген бір адам тұрды. Ол күндіз де, түнде де тыныштық таппай жүрді. «Кісі өлтіруші,» деген сөздерді ол жиі естіп жүрді, я болмаса олар жалындап тұрған әріптермен оның көз алдында тұрды. Күндердің бір күнінде ол өз ұлын дүкенге бірдеңені сатып алуға жіберді де, ол ескі Библияның бетіне оралған қалаған нәрсесімен қайтып келді.

Кенеттен Еврейлерге жазылған хаттың 9 тарауындағы: «Қан төгусіз кешіру жоқ,» – деген сөздер сол кісінің көзі алдында тұрды. Алдымен ол оны түсінбеді. Кешірімді ол іздеп жүрді ғой, сөйтіп ол туралы одан да көбірек білгісі келді. Оның баласы, екі арада беттерді жұлып алумен Жоханның бірінші хатына жеткен саудагерге тағы бір рет барды. Өз айыбын мойындаудан азап шегіп жүрген кісі бұл бетті де оқып тұрғанда, кенеттен оның жанынан ауыртпалық түсіп қалды: Кешірім бар, бар күнөдан тазарту бар, өйткені мұнда (Жоханның 1 хатында 1 тараудың 7 – 10 шумақтарында): «Құдайдың Ұлы, Иса Христостың қаны бізді барлық күнөдан тазартады,» және: «Егер біз өзіміздің күнәларымызды мойындасақ, онда сенімді және әділді болып тұрған Ол, біздің күнәларымызды кешіреді де, көрінген әділсіздіктен тазартады.» – деп жазылған.

Бұл сөздер оның қапас жанына бір жарықтай сәуле түсірді. Ол да, Тәңір Иса Христостың айқасқан ағаштың үстінде төккен қаны, Құдайдың алдында өз айыптарын мойындағандардан барлық күнәларды алып тастауға жағдайы келетіндігін басынан өткізді. Сөйтіп ол да өз жүрегіне толық тыныштық тапты.

Библиядан жыртылып алынған бір беттің өзі біреуге шын бақытқа апаратын жолды көрсете алады.

ЖАҒАҒА АЙДАП ӘКЕЛІНГЕН БИБЛИЯ

Бір қатты дауылда Испанияның жағалауына жақын жерде Германияның бір пароходы суға батып кетті.

Бірнеше күннен кейін кеменің бірнеше сынықтары мен матро-стардың киімдерін жағаға айдап шықты. Бір кительдің ішінде бір жаңа бітім (өсиет) бар еді, одан келесіні оқуға болатын: Маркус Ротманн, Колквиде 12, Гамбург. Бірінші рет апам Лоттаның өтініші бойынша оқыған.

Екінші рет Құдайдың сотынан қорққандықтан оқыдым. Үшінші және басқа реттердің барлығында Тәңірім Иса Христосты сүйгендіктен оқыдым.

ЛАҚТЫРЫП ТАСТАЛҒАН БИБЛИЯ

«Ана нәрсені терезеден лақтырып таста!»

Солдаттар көбінесе жақсы әңгімелесе алады да, әсіресе поезбен жүріп бара жатқанда катты күлкі келтіретін әзілдерді ұнатады. Көпенің бұрышында бір жас әскер өзінің қалта Библиясын оқып отырды. «Біз бұл тақуа баламен бір әзіл жасайық та, оның Библиясын терезеден лақтырып тастайық.»

Ол бір секундтің ісі еді де, Библия рельстердің аралығында жатты. Жас әскер ашуланып қалды ма? Жоқ, оның: «Мен момынмын және шын жүректен көнгішпін» (Мат. 11, 29) – деп айтқан Тәңірі болатын.

Ол қайғылы еді, бірақ үндемеді.

Бірнеше күннен кейін біздің жас досымыз почта арқылы бір пакет алды, оның ішінде оның Библиясы бар еді. Оның жанында бір қызық хат жатты. Сол жерде жұмыс істеген бір теміржолшы Библияны тауып алған еді де ол арқылы Құдайдың үнін естіген еді. Оған дейін ол күнәкар болғандықтан өте қорқып жүрді, бірақ киелі жазуды оқу арқылы ол шынында Тәңірмен кездесіп қалған болатын. Енді солдат өзінің Библиясынан бірнеше күнге неге айырылуға тиісті болғандығын және шайтанның қайтадан бір жеңіліске ұшырап қалғандығын түсінді.

МАСҚАРАЛАНҒАН БИБЛИЯ

Францияда бір Библия таратушы бір үйге бір Библияны сыйлыққа ұсынды. Үйдің иесі оны қабылдап та алды, бірақ сол жерде одан бірнеше беттерді жыртып алды да, оның бірімен өзінің шылымын тұтатып алды. Көңілі қалған Библия таратушы кетіп қалды. Бірнеше жылдан кейін ол қайтадан сол елге келді де, сол үйге кіріп шықты. Сол семья соғыста бір баласынан айрылып қалған еді де, оның азғана киім-кешектері дәл сол кезде үйге жеткен еді. Олардың арасында бір Библия да бар еді. Таратушы оны қолына алды да, ол өзінің сол семьяға берген және әлгі беттері жыртылған Библиясы екендігін көрді.


Қаза тапқан солдат оның артқы жағына: «Жамандалған және келемежделінген ақырында сеніп қалған. Ол менің құтқарылуыма себепкер болды.» – деп жазып қойған екен.

ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІ МӘҢГІ- ЛІҚТЕ ЖЕҢІП ШЫҒАДЫ

Бізге Библияны қорғау қажет емес.

Арыстан өзін-өзі қорғайды.

Библия адамдарға бас салады. Ол оларға олардың қандай жаман екендігін айтады. Сондықтан сонша көбі одан қорқып жүр. Құдайдың сөзі шындық болғандықтан, адамдардың ұятын олардың беттеріне басып тұрғандықтан, олардың Библиядан, бір нас адамның айнаны, ол оның қандай күтілмеген, кір-қожалақ екендігін оған көрсеткендіктен сындырғаны сияқты, құтылғысы келеді.



Библияға қарсы жазылған кітаптардың барлығын бірінің үстіне бірін салып қой, сонда олардың қатары Кельндегі собордан биік болады. Содан кейін оның жанына Библияны қой.

Ол зақымсыз. Ол – жеңуші. Ол өзінің барлық дұшпандарынан ұзақ өмір сүреді.

ШАҚЫРУ

Сен сенбей жүрсің бе?

Сен оны жақсырақ білесің бе?

Сенің өз «дәлелдерің» мен «түсініктерің» бар!

Онда мен сені: әлсіз және жаман адамдардан сенің дәлелдемелерің мен мұндай сеніміз теорияларың арқылы бақытты болып шыққандардан бес кісіні атап, бұл кітапшаның соңындағы адреске жіберуге шақырып тұрмын. Сенің маған атап берген әрбір кісіңе, мен саған ішуші, сандалбай және Құдайсыздардан Библия арқылы өзгертілген, ең бақытты, айтып болмас бақытқа ие болған онын, сөйтіп елуін атап беремін.

Библия миллиондаған адамдардың
өміріне терең өзгерістер
акелген.

БИБЛИЯ

**Нан
сияқты**

«Бұл, одан жеу және өлмеу үшін, аспаннан түсіп келе жатқан нан.»

Жохан 6, 50

От сияқты

«Менің сөзім от сияқты емес пе?», – дейді Тәңір.

Иер. 23, 29

**Жарық
сияқты**

«Сенің сөзің аяғымның шам-шырағы және жолымдағы жарық.

118 зәуір 105

Сүт сияқты

«Жаңа туған сәбилердей таза, қолдан жасалмаған сүтке, ол арқылы құтқарылуға өсу үшін құмар болыңдар.»

Петрдің 1 хаты 2, 2

**Бал
сияқты**

«Балдан және көрезден тәтті.»

18 зәуір 11

«... Олар алтыннан және тіпті көптеген алтыннан бағалы.

18 зәуір 11

**АЛТЫН
СИЯҚТЫ**

«...Бірақ бостандықтың жетілгеч заңына жақын көз жіберген адам...»

Жақыптың хаты 1, 23 – 25

**АЙНА
СИЯҚТЫ**

«Менің сөзім құздарды сындыратын балғадай емес пе?»

Иеремия 23, 29

**БАЛҒА
СИЯҚТЫ**

«Рухтың семсері, ол – Құдайдың сөзі.»

Ефес. 6, 17 және Евр. 6, 12

**СЕМСЕР
СИЯҚТЫ**

«Шірімейтін тұқым,... Құдайдың тірі және мәнгі болатын сөзі.»

Петрдің 1 хаты 1, 23


**ТҰҚЫМ
СИЯҚТЫ**

БАСЫЛҒАН ЕҢ КІШКЕНТАЙ БИБЛИЯ

Бізге белгілі басылып шығарылған ең кішкентай Библия оттықтың ұзындығындай, атап айтқанда ұзындығы 4 1/2 см, жалпақтығы 3 см, ал қалыңдығы 2 см. Ол кітапша Англияда басылған және 878 беті бар. Үлкейткіш шынымен барлығын жақсы оқуға болады. Бұл Библияның салмағы 20 грам ғана.

ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ЕҢ КІШКЕНТАЙ БИБЛИЯСЫ

NCR THE
MICROFORM HOLY BIBLE



1245 PAGES
TRADEMARK REG. U.S. PAT. OFF.

Бұл оригинал үлкендігінде бейнеленген негатив киелі жазудың 1245 бетін көрсетіп тұр.

Бұл шамадан тыс кішірейту (масштабы 48000 : 1) жаңа РСМИ әдісі арқылы мүмкін болды.

Бұл Библияны оқу аспабымен немесе микроскоппен оқуға болады.

© Ernst Paulus Verlag

Ernst-Paulus-Verlag · 6370 Neustadt

ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ЕҢ ҮЛКЕН БИБЛИЯСЫ

Лос-Анджелестің бір ағаш ұстасы, бір Библияны тұтасымен ағаштан істеп шығару үшін, екі жыл бойы түн ортасына дейін жұмыс істеген. Әрбір беті биіктігі 1 метр жұқа ағаш тактайы, оған әріптер басылған. Ол кітаптың 8048 беті бар, салмағы 547 кг. Қалыңдығы 2,5 метр.

ТҮСІНІКСІЗ БЕ?

«Библия мен үшін түк те емес, – деді Петр өзінің досына, – өйткені оның ішінде мен түсіне алмайтын көп нәрселер бар.» Клаус кірпік қақанша ойланып қалды. Ол Петрдің сылтауратып тұрғанын жақсы білетін. Кеше ғана Петр бір бақтан алма ұрлаған болатын. Сондықтан Клаус былай деп жауап берді: «Библияда қандай жағдайда болса да, сенің түсіне алатын бірдеңесі бар.»

«Сонда ол не?»

«Ұрлама!»

Ол Петрдің жүрегіне тиген жебедей болды. Ол алмаларды есіне алды да, үн катпай жок болып кетті.

МЕНІҢ ХАТЫМ

Библия хат сияқты: өте арнайы.

Ол МЕН үшін жазылған.

Сақтандырулардың барлығы МАҒАН арналған.

Иса Христос МЕН үшін кайтыс болды.

Ол арнайы МАҒАН құтқару ұсынып тұр.

Егер мен мәңгілік үшін құтқарылайын десем, мен Оны ӨЗІМНІҢ жеке меншікті Құтқарушымындай қабылдап алуға тиістімін.

ОНЫҢ СӨЗІНЕ СЕН

Шығыстағы бір төренің қол астындағы бір азаматы өлім жазасына кесілген еді. Оны өлтірер алдында, төре де оған қатысып тұр еді, сол бақытсыз адамнан: «Қандай бір тілегің бар ма?» – деп сұрады. Оның жалғыз тілегі, бір кесе су еді, оны оған әкеліп те берді. Бірақ оның абыр-жығаны сондай, оның дірілдеп тұрған қолдары кесені өрең ұстап тұрды.

Төре оған: «Мазасызданба, кесені ішіп босатқаныңша, сенің өмірің қауіпсіздікте,» – деді.

Ол кідіртпей, төренің сөзін пайдаланып қалды да, суды жерге төгіп тастады. Оны енді ешкім қайтадан кесеге жинай алмады. Оның өмірі құтқарылып қалды. Сөйтіп әрбір адам Құдайдың да сөзін пайдалана алады. Бір патшаның сөзіне қарағанда, Құдайдың сөзіне көп берігірек сене аламыз.

ДҰҒА ҚЫЛМАЙ- ТЫНДАР...

Бір шаруа бір той асына шақырылған еді. Онымен дастарқандас өте атақты қонақтар отырды. Ас алдында дұға қылуды ешкім кажет деп санамады, жалғыз шаруа ғана өзінің аспандағы әкесіне алғыс айту үшін өзінің колдарын жайды.

Қаладан келген атақтысынған бір кісі күліп: «Сүйікті досым, сендер ауылда әлі бәрің де дұға қылуға үйреншіктісіңдер ғой сірә?» – деді.

«Жоқ, – деді шаруа, – оны мен айта алмаймын.»

«Солай де, – деді әлгі қуанып, – сірә тек көрілер мен артта қалғандар ғана шығар?»

«Ол да емес, міне менің қорамда бір шошқа мен оның жеті торайы бар, олар дұға қылмайды. Бірақ малға жатпайтындардың барлығы әдеттегі карапайым түрде өздерінің Жаратушысына ас пен ішімдік үшін алғыс айтады,» – деп жауап берді шаруа. Оған қаланың кісісі ештеңе айта алмады.

ҚОЛДАНУҒА НҰСҚАУ

Библияны немесе бір жаңа бітімді (өсиетті) әрқашан да өзіңмен бірге алып жүруге кеңес беруге болады. Егер қайда болса да және қашан болса да уақытың болса, оны пайдалы және баталы түрде оқумен пайдалана аласың. (Құдайдың сөзі алуға дайын машинаның сәкісінде де жата алады).

Апостолдардың істері 8.28: Ефес.5.16.

Библияны қалай оқиды?

Библияны қуанышпен және пайдамен оқығысы келгендерге, бұл жерде бірнеше кеңестер жалғасады.

1. Мүмкіндігінше алғашқы тексті сөзбе-сөз сүреттейтін Библияны пайдалан. (Өкінішке, ең басты максатын тілді оңай түсінуге салғандықтан, Библияның хабарларынан жалтарып тұрған Библия шығармалары да бар.)
2. Құдаймен қатынасу үшін, күн сайын шынында бір ширек сағат тыныш уақытты бос қалдыруға өзіңе мақсат етіп қой. Бір күннің 96 ширек сағаты бар, олардың бірін Құдайға бер. (Аз уақыттан кейін саған мүмкін ширек сағат жетпей қалар.)


Апос. Іс. 17, 11

3. Қай уақытты алатындығың маңызды емес. Таңертең мен кеш ең тыныш. Таңертең Рух әлі ширақ.

Зеуір 5.3-4

4. Библияны үстіртін емес, асықпай оқы. Оның үстінен ұшып өтпе, ал оқып шыққаныңа ой жүгірт. Зеуір 118, 15. 27. 48. 148
5. Құдайдан өтін, Ол саған оқып шыққаныңды түсіне алуыңды берсін. Саған Библияны, оны жазғаннан басқа, ешкім де жақсырақ түсіндіре алмайды. Матай 11, 25
6. Оқып отырғаныңда өзіңнен: Оның маған не айтатыны бар? – деп сұра. Библияңды, ол айқын сен үшін жазылғандай оқы. Ол Құдайдың саған жіберген хабары. Сақтандырулар мен өсиеттерде сен: ол мен үшін, деп ойлауың керек. Үәделерде сен: ол МАҒАН берілген, деп ойлай аласың. Галат.2,20
7. Оқып отырғаныңда көңілің түскен текстердің астын сызып кою үшін, бір қарындаш немесе түрлі түсті қарындашты дайындап койғаның жөн. Сен оларды кейінде қайтадан оңай және тез таба аласың. Мысалы, мынадай жиі кездесетін, күнә, кешіру, тәубе, қайырымдылық, Құдайдың сүйіспеншілігі... деген сөздердің де астын сызып кой.
8. Оқып шыққаныңды дұғада Құдаймен талқыла.
9. Әрдайым аздап, бүкіл Библияны басынан аяғына дейін оқып шық. Бітіргеніңде, қайтадан алдынан баста. Оқыған сайын оны жақсырақ табарсың.
10. Көңілің ерекше түскен текстерді жаттап ал. Кейінде сен соның арқасында шексіз бата аларсын. Зеуір 118,11

БИБЛИ- ЯҢДЫ АШ



Егер тыныштық іздесең: рим.5.1 және Жох.2 хаты 14.

Егер барлығы ойдағыдай болса : Зеуір 32: Тим.1 хаты 6: Жақ.2, 1-17

Егер жаңа міндетке кіріссен: Зеуір 1: тәмсілдер 16.

Егер жақындарыңа дұрыс қарайын десең: Рим.12.

Егер туыстарыңның қамын ойласаң: Зеуір 120: Ишая 40.

Егер сергектіктен айрылсаң: Зеуір 22:12:13.

Егер мұқтаждық ұлгая берсе: Тим.2 хаты 3: Еврей.13.

Егер достарың сенен бұрылып кетсе: Мат.5: Кор.1 хат.13.

Егер азғырушылық пайда болса : Зеуір 14:18:138 Мат.4. Жақ.1

Егер саған барлығы тым ағат болса : Зеуір 33:70

Егер ұйықтай алмасаң: Зеуір 4:55:129.

Егер жанжалдасқан болсаң: Мат.18: Ефес.4: Жақып 4.

Егер шаршасаң: Зеуір 74,1-7: Мат. 11.28-30.

Егер көшірім алуды тілесең: Лұқпан 15: Филимон

Егер науқастансаң немесе бір жерің ауырса: Зеуір 6:38:10:66.Иш.26.

Егер сенімің әлсіз болса : Зеуір 125:145: Евр.11

Егер саған Құдай алыста болып көрінсе: Зеуір 26:90: Лұқ.8

Егер күнәға батқан болсаң: Ишая 53: Жохан 3: Жох.1 хаты 1.